

Бекітемін: _____

Мектеп директоры: Е. Султанов



***"Жалпы білім беретін №9 орта мектеп" КММ-і
2022–2023 оқу жылына арналған
Тәрбие жұмысының жоспары***

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары: М.А.Хабдигалиев

**"Жалпы білім беретін № 9 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2022-2023оқу жылына арналған тәрбие жұмысының тұжырымдамалық негіздері**

Тәрбие жұмысының мақсаты

Оқушыға бағытталған оқу-тәрбие ортасын құру арқылы адами капиталды дамытып, сапалы білім мен тәрбиенің қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
8. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
9. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбиенің негізі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары

1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар:

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттар:

✓ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы

<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;

✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;

✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;

✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;

✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер:

- 10 тамыз - ҚР Үкіметінің қаулысымен Абай күні;
- 30 тамыз - ҚР Конституциясы күні;
- 1 қыркүйек - Білім күні;
- 5 қыркүйек – Қазақстан халықтары тілдері мерекесі күні;
- 10 қыркүйек - Отбасы күні;
- 15 –қыркүйек. Денсаулық фестивалі. (1 аптасы.)
- 15.09-19.09. Діни экстремизмнің алдын алу күні
- 1 қазан - Қарттар күні;
- 4 қазан - Ұстаздар күні;
- 15 қараша - Ұлттық валюта күні;
- 02.11.-07.11. Зорлық-зомбылықтың алдын алу.
- 03.11- 03.12. Дүниежүзілік адам имундық тапшылық синдромымен күрес күні. СПИД-АИТВ алдын алу.
- 18.11. Рухани келісім күні.
- 20 қараша – Балалар құқығы туралы Конвенция күні;
- 10 желтоқсан - Адам құқығы күні;
- 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні;
- 26.12 - 30.12. – Жаңа жыл.
- 10.01-10.02. «Абайлаңдар, балалар!» айлығы
- 15 ақпан- Кеңес әскерінен Ауғанстаннан шығарылған күні.
- 01.наурыз- Алғыс айту күні.
- 1 наурыз – Азаматтық қорғаныс күні;
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 22 Наурыз – Наурыз мерекесі;
- 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні;
- 7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні;
- 10 сәуір -21 сәуір аралығында «Қауіпсіз Интернет» атты Республикалық ақпараттық науқан
- 12 сәуір - Ғылымжәне Космонавтика күні;
- 1 мамыр- халықтар достығы және ынтымақтастығы күні;
- 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні;
- 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні;
- 31 мамыр –Саяси қуғын сүргінқұрбандарын еске алу күні.
- 1 маусым - Балаларды қорғау күні;
- 4 маусым – ҚР мемлекеттік рәміздер күні;

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<i>I. Тәрбиенің нормативтік құқықтық қамтамасыз ету</i>				
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;	Баяндама		Қазан Ақпан Маусым
3	ҚР «Білім туралы» заң түсіндіру жұмыстары «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319	Заңмен таныстыру Басшылыққа алу	Метеп әкімшілігі Мектеп АКТ залы	1 қыркүйек
4	ҚР «Тіл туралы» заң түсіндіру жұмыстары	Бұрыш	Тіл мамандары	қыркүйек
5	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы түсіндіру жұмыстары https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;	Түсіндіру жұмыстары	МДТІЖО Мектеп психологі Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Ақпан І аптасы
6	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «бойынша Өз құқығыңды біл» акция https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt	Акция	МДТІЖО Мектеп психологі Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	қараша
7	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес », туралы түсіндіру жұмыстары	Заңмен таныстыру Басшылыққа алу	МДТІЖО «Адал ұрпақ» үйірме жетекшісі	желтоқсан
8	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсан №518-IV https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518	Заңмен таныстыру	МДТІЖО Мектеп психологі Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Қаңтар ІІІ аптасы
9	ҚР «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы»	Анықтама	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
10	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы заңы бойынша арнайы әлеуметтік қызмет көрсету	Әлеуметтік қызмет көрсету Анықтама	Әлеуметтік педагог	Қыркүйек Айлық ішінде
11	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt «Мүмкіндігі шектеулі балалар әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы»,	Заңмен таныстыру Басшылыққа алу	МДТІЖО Әлеуметтік педагог Мектеп медбиісі Мектеп психологі Сынып жетекшілер	Желтоқсан І аптасы
12	2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бойынша оқушылардың әлеуметтік	Заңмен таныстыру Анықтама	МДТІЖО Мектеп психологі	Желтоқсан

	жағдайын бақылау https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext		Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	
13	«Кәмелетке толмағандар асындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдыналу туралы» заңды негізге ала отырып профилактикалық жұмыстар жүргізіу	Хаттама	МДТІЖО Мектеп психологі Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Ақпан

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

	Тәрбие жұмысынң жоспарын бекіту	Бекітілген жұмыс жоспары	МДТІЖО М.Хабдигалиев	тамыз
	Сынып жетекшісі жұмысын жоспарлау әдістемесі	Жұмыс жоспары	МДТІЖО М.Хабдигалиев Сынып жетекшілер	Қыркүйек
	Тәрбие жұмысы бойынша құжаттар жүргізу	Сынып жетекшінің құжаттамасы	МДТІЖО М.Хабдигалиев Сынып жетекшілер	Жыл бойы
	"Сынып жетекшісі-тәрбие жұмысының негізгі ұйытқысы" бірлестік отырысы	хаттама	МДТІЖО М.Хабдигалиев Бірлестік жетекшісі Г.Мұқашева	Кесте бойынша
	Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру бағытында сынып сағаттарын жоспарға сай өткізу	Әлеуметтік желілерге жариялау	Сынып жетекшілер	Жоспар бойынша

III. Іскеасырутетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас				
1	Президент күні	Жоспар	Сынып жетекшілері. Тәлімгер	1 Желтоқсан
2	«Сыбайлас жемқорлық»« Құқықтық сана-қауымға пана»/Сынып сағаттары/	Жоспар	5-9 Сынып жетекшілер	Желтоқсан
3	Тәуелсіздік мерекесі	Жоспар	Тәрбие орынбасары тәлімгер	Желтоқсан
4	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt Зорлық зомбылыққа жол жоқ профилактикалық жұмыс	Профилактикалық жұмыс Анықтама	психолог Әскери жетекші Сынып жетекшілер	Қазан
5	Отан қорғаушылар күні	Мерекелік кеш Жоспар	Әскери жетекші	7 Мамыр
6	Жеңіс күні	Салтанатты жиын	Әскери жетекші	9 Мамыр
7	Соңғы қоңырау	Салтанатты жиын	Тәрбие орынбасары	1 Маусым

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.				
1	Қарттар күні	Мерекелік кеш	Тәлімгер	1 Қазан
2	Ұстаздар күні	Мерекелік кеш	Оқушылар ұйымы Тәлімгер	7 Қазан
3. Бағыты: ұлттық тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.				
1	Тілдер күні	Мерекелік кеш Жоспар	МДТІЖО	5 Қыркүйек
2	22 наурыз	Мерекелік кеш	МДТІЖО	22 Наурыз
4. Бағыты: Отбасылық тәрбие Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.				
1	Отбасы- бақыт меккені	Апталық	Педагог-психолог сынып жетекшілер	Қыркүйек
3	8 наурыз Мерекелік кеш	Жоспар	МДТІЖО	8 Наурыз
5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.				
1	«Еңбек- елдің мұраты»	Жоспар	Сынып жетекшілер	29 Қазан
2	Мамандық иелерімен кездесу	Кездесу	Сынып жетекшілер	27Қаңтар
3	Ғарышкерлер күні	Жоспар	Сынып жетекшілер МДТІЖО	10 Сәуір
4	Құстар күні	Жоспар	МДТІЖО	12Сәуір
5	«Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»	Эко жоспар	Сынып жетекшілер	11 Сәуір
6	Теңге күні	Ақпараттық сабақ	МДТІЖО	15 Қараша
6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру				
1	Көңілді тапқырлар алаңы	Сайыс	Оқушылар ұйымы	8 қараша
2	Полиглот	Интеллектуалдық сайыс	ОЖҰ	11 қараша
3	Алғыс айту күні	Апталық	МДТІЖО	1 Наурыз

7 Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

1	Абай оқуы	Байқау	Қазақ тіл мен әдебиеті бірлестігі	қыркүйек
2	Кітапхана сағаты М.Мақатаев	Мұшайра байқауы	Кітапханашы	9 Ақпан
3	Жаңа жыл мерекесі	Жоспар	МДТІЖО	23 Желтоқсан
4	«Театр сабақтары» жобасы	Көрініс байқауы	Сынып жетекші	16 Сәуір
5	Бірлік,ынтымақ күні	Апталық	МДТІЖО	20 Мамыр
6	«Музей сабақтары» жобасы	Жоспар		

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру

1	Денсаулық фестивалі	Мектеп лига	Пән мұғалімдері	14 Қазан
2	Үйірме жұмыстары	Жоспар	Үйірме жетекшілері	30 Қыркүйек
3	Қысқы спартакиада	Сайыс	Пән мұғалімдері	20Қаңтар
4	Жазғы спартакиада	Сайыс	Пән мұғалімдері	16 мамыр

Басқа бағыттар

1	Рухани жаңғыру бағдарламасы	Жоспар		үнемі
2	Қайырымдылық акциялары	Акция	Әлеуметтік педагог	үнемі
3	Қоғамға қызмет «Адал ұрпақ» клубы	Жоспар	МДТІЖО	үнемі
4	«Отбасы – орта мектеп»	Апталық	МДТІЖО	үнемі
5	Ұлдар ұйымының жұмысын ұйымдастыру	Жоспар	Ұлдар ұйымының жетекшісі	үнемі
6	Қыздар ұйымының жұмысын ұйымдастыру	Жоспар	Қыздар ұйымының жетекшісі	үнемі
7	«Дебат» қозғалысы	Турнир	МДТІЖО	үнемі
8	Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;	Жоспар	МДТІЖО	үнемі
9	«Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары	Апталық	МДТІЖО	үнемі
10	«Оқуға құштар мектеп»	Жоспар	МДТІЖО	үнемі
11	«Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»	Жоспар	Педагог психолог	Үнемі

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША АЙЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Қыркүйек – Білім айы

❖ ҚР Рәміздеріне – 30 жыл

❖ 1 қыркүйек – Білім күні

❖ 5 қыркүйек- Тілдер күні, апталық

❖ Отбасы күні

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	<i>Білім күні</i> «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық» «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылық»	Салтанатты жиын	Д.т.і.ж.о 1-11 сынып жетекшілер	1 қыркүйек
			Сынып сағаттары		
		«Абайлаңыз балалар!» акциясы /арнайы жоспар/	Апталық Профилактикалық іс-шара	Мектеп инспекторы Д.т.і.ж.о 1-11 сыныптар	1-12.09.22
		Білім басқармасы, құқық қорғау органдары, прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп «Мобильді топ» құру	Бұйрық, рейд жүргізу	Д.т.і.ж.о Психолог Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
		«Мектептегі мінез-құлық ережелері» (мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру)	Сынып жиналысы	1-11 Сынып жетекшілері	Қыркүйек
2	Ұлттық тәрбие	«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тілдер күні	Апталық	1-11 сынып Сынып жетекшілері	5-09.22
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Қарттарым-асыл қазынам»	Апталық	1-11 сынып Сынып жетекшілері Кітапханашылар	26.-30.09.22
4	Отбасылық Тәрбие	«Отбасы- бақыт мекені»	Апталық	МДТІЖО Кітапханашылар 1-11 Сынып жетекшілер Ата-аналар	12.-16.09.22
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Мектеп білгірі»	Лездемелік жиын	МДТІЖО Сынып жетекшілері	қыркүйек
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Еңбек – елдің мұраты»	Апталық	Кітапханашылар 1-11 Сынып жетекшілер	19.09.22
7	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Әлем қандай әдемі» «Қандай ғажап бұл әлем»	Психологиялық сағаттар	1-11 Сынып жетекшілер	Қыркүйек
8	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	«Толағай»	Отбасылық Спорттық сайыс	Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қыркүйек

Қазан – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

- ❖ Мұғалімдер күні
- ❖ Қарттар күні
- ❖ А.Байтұрсыновтың 150 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Рейдтік жұмыс	Көше тәртібі Мектеп ішкі тәртібі	МДТІЖО Тәлімгер Мектеп инспекторы Сынып жетекшілері	Қазан
		25 қазан - Республика күні	Апталық	Мектеп инспекторы Д.т.і.ж.о 1-4 сыныптар	Қазан
		«Менің Қазақстаным»	Сурет көрмесі	МДТІЖО «Бояулар сыры» үйірмесі	Қазан
		«Рухы биік Рәмізім»	Апталық	1-11 Сынып жетекшілері	17-21.10.22
2	Ұлттық тәрбие	«Қыз тәрбиесі-ел тәрбиесі»	Қыздар жиналысы	5-11 сынып Сынып жетекшілер Қыздар ұйымы жетекшісі Мектеп инспекторы	Қазан
		«Ұлт Ұстазы - Ахмет»	Кітап көрмесі		
				Кітапханашы	
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Жақсылық сабақтары» «Жүрек жанашыры»	Кездесу сағаты	МДТІЖО Тәлімгер	Қазан
4	Отбасылық Тәрбие	«Бала тәрбиесіне байыппен қарайық» «Отбасындағы ата-ананың ролі»	Ата-ана жиналысы	МДТІЖО Сынып жетекшілер Ата-аналар Психолог	Қазан
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Дублер күні»		Өзін-өзі басқару ұйымы	3-7.10.22
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Мамандар арнауы» (Мектеп ұстаздарының бейне айдары)	Абайдың қара сөздерінен видеочеллендж	МДТІЖО Тәлімгер	Қазан
7	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Ұлылықтың ұйытқысы Ұстаз»	Апталық	МДТІЖО/ Тәлімгер Кітапханашылар Сынып жетекшілері	3-7.10.22
8	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	«Дені сау ұрпақ – ел болашағы»	Бейнечеллендж	МДТІЖО/ Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қазан

Қараша айы – «Балалар құқығын қорғайық»

- ❖ 15 қараша – Ұлттық валюта күні
- ❖ Күзгі демалысы
- ❖ 11 қараша – Балалар құқығын қорғау күні
- ❖ F. Мұстафиннің туғанына 120 жыл

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Мәңгілік ел-болашағы біртұтас ел»	Апталық	МДТІЖО 1-11 сынып жетекшілер	Қараша
		«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, жемқорлыққа жол жоқ»	акция	МДТІЖО «Адал ұрпақ» клубы Тәлімгер	Жоспарға сай
		«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ»	Жадынама	МДТІЖО Мектеп инспекторы	Уақытында
		"Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ"	Апталық	1-11 Сынып жетекшілері	Жоспарға сай
2	Ұлттық тәрбие	«Ұлттық теңге Тәуелсіздік нышаны» Ұлттық валюта күні	Лездемелік баяндама	5-11 сынып жетекшілері	15.11.22
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	"Тәрбие тамыршысы" "Үлкенге құрмет, кішіге ізет!"	Онкүндік Жоспар	1-11 сынып жетекшілері	Қараша
4	Отбасылық Тәрбие	«Отбасы ұлағат ұясы»	Челлендж	МДТІЖО Тәлімгер 1-11 сынып жетекшілері Ата-аналар	Уақытында
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Қыл қалам уақыты»	сурет көрмесі	"Бояулар сыры" үйірме жетекшісі Т.Көшімова	Қараша
		«Ойлан,тап!»	Ойын	Мектеп психологі	
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Адал еңбек бейнесі»	Сурет байқау	1-4 Сынып жетекшілері	Уақытында
7	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Мен бақытты баламын», «Ертеңіме сенемін»	ЭССЕ байқауы	5-8 Сынып жетекшілер	Қараша
8	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	"Күзгі эстафета-2022"	Спорттық, интеллектуалды сайыс	9-11 сынып жетекшілері	Қараша

Желтоқсан айы - «Тәуелсіздік - мақтанышым»

- ❖ Қазыбек бидің туғанына 355 жыл
- ❖ Тәуелсіздікке 31 жыл
- ❖ 9-желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні
- ❖ Қош келдің, Жаңа жыл

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»	Апталық	МДТІЖО/Тәлімгер 1-11 сынып жетекшілері	Уақытында
		«Тәуелсіздік – ел тірегі»	Онкүндік жоспар	МДТІЖО/Тәлімгер 1-4 сынып жетекшілер	12-16.12.22
		"Жолда жүру ережесі"	Танымдық сағаттары	МДТІЖО/Тәлімгер «Айбын» тәртіп сақшылар клубы	Желтоқсан
		«Бала-құқығы, басты назарда» "Буллинг" әлімжеттіліктің алдын алу	Апталық	1-11 Сынып жетекшілері	Бірінші апта
		“Зорлық-зомбылықсыз 16 күн”	Онкүндік	1-11 Сынып жетекшілері	Жоспарға сай
		«Құқық және тәртіп»	Жиналыс	МДТІЖО/Тәлімгер Мектеп инспекторы 5-11 сынып жетекшілері	
		"Мәңгілік ел: Бір ел-бір тағдыр"	мектеп инспекторымен кездесу	МДТІЖО/Тәлімгер 9-11 сынып жетекшілері	Желтоқсан
2	Ұлттық тәрбие	"Жылдам оқы-тәтті ал"	Кітап оқу сағаты	Тәлімгер 1-4 сыныптың Сынып жетекшілері	Уақытында
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	"Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран"	Танымдық сағаты	Адал ұрпақ клубы	Уақытында
		«Мен бақытты баламын»	Жаңажылдық сыйлық тарату	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педогог	
4	Отбасылық Тәрбие	"Сенің өмірің,сенің ортаң"	Сынып сағаты	«Наркобекет» клубы 5-11 Сынып жетекшілері	5-10.12.22
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Білім сенің болашағым»	Интеллектуалды сайыс	1-4 сынып жетекшілері	Желтоқсан
		"Тәуелсіздік - киелі ұғым"	қабырға газеті	5-11 сынып жетекшілер	
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Тіршіліктің негізі-салауатты болашақ»	Сайыс	Кітапханашы 1-6 Сынып жетекшілері	13-15.12.2022
7	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Қош келдің, Жаңа жыл!»	Апталық	5-11 Сынып жетекшілер	25-28.12.22
8	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	«Қыс кереметі» «Қысқы ойындар»	Танымдық сағаты	1-4 жетекшілері 5-11 жетекшілері	Желтоқсан

Қаңтар айы – «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы»

- ❖ Қысқы демалыс
- ❖ Қоғамға қызмет – біздің міндет
- ❖ «Қамқорлық» акциясы
- ❖

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Құқықбұзушылықтың алдын алу, «Дін және мен»	Кездесу ақпараттық түсіндірме сағаттары	МДТІЖО Мектеп инспекторы 9-11 сыны жетекшілері	Қаңтар
		“Жемқорлық-ғасыр дерті”, “Жемқорлықсыз болашақ”	Дебат турнир	«Ақиқат» дебат клубы Өзін-өзі басқару ұйымы	15-20.01.23
2	Ұлттық тәрбие	"Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі"	Қыздар жиналысы	Қыздар ұйым жетекшісі	Бірінші аптасына
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Мәдени мұра ел байлығы»	Апталық	МДТІЖО Тәлімгер Наркобекет клубы Сынып жетекшілер	16-20.01.23
		“Нашақорлық-қасірет кілті”	Акция		
4	Отбасылық Тәрбие	«Оқу мен тәрбие егіз»	1-4 ата-аналар жиналысы	МДТІЖО Сынып жетекшілері Ата-аналар	23.27.23
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	"Тілім менің - тірлігімнің айғағы" “Ақ қауырсын” "Қыс бейнесі"	интеллектуалды сайысы	МДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	16-20.01.23
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Қоршаған ортаны қорғайық»	апталық	Кітапханашылар 1-11 Сынып жетекшілер	23-27.01.23
7	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Имандылық – адам көркі, ізгілік негізі»	Апталық	1-11 Сынып жетекшілер	9-13.01.23
8	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	"Дені саудың - жаны сау!"	Спорт лигасы	Дене шынықтыру бірлестігі Сынып жетекшілер	Қаңтар

Ақпан айы - «Әдептілік – басты құндылық»

❖ Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл

❖ 14 ақпан – Кітап сыйлау күні



№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Тәртіп және заң» «Құқық бұзушылыққа жол жоқ!»	Жалпы ата-аналар жиналысы	МДТІЖО Тәлімгер Мектеп инспекторы Мектеп психологі 1-11 сынып жетекшілер	Ақпан
		«Қылмыс және жасөспірім»	Рейдтік шара	МДТІЖО Мектеп инспекторы Ата-аналар комитеті	20-24.02.23
		«Сенің құқықтарың мен міндеттерің»	Құқықтық сауалнама	МДТІЖО Тәлімгер Мектеп психологі Құқық фракциясы 1-11 Сынып жетекшілері	Уақытында
2	Ұлттық тәрбие	«Үзіліс TIME» «DombyraTIME»	Ұлттық ойындар, аспаптар сайысы	МДТІЖО Тәлімгер	6-10.02.23
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Кітап оқимыз бәріміз»	Кітап оқу айдары	Кітапханашы 1-5 Сынып жетекшілері	6-10.02.23
4	Отбасылық Тәрбие	«Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем»	Апталық	МДТІЖО Тәлімгер Мектеп психологі Құқық фракциясы 1-11 Сынып жетекшілері	13-17.02.23
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Робот әлеміне саяхат»	Танымдық сағаттары	Роботехника үйірмесі 1-8 сынып жетекшілері	Ақпан
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Менің айналадағы әлем. Ол қандай?»	Сурет көрмесі	Кітапханашылар 1-9 Сынып жетекшілер	15.02.23
7	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	“Ауғанның от-жалыны”	Апталық	МДТІЖО Тәлімгер 1-11 Сынып жетекшілер	13-17.02.23
8	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	«Денсаулық-ең басты қажеттілік»	Апталық	Сынып жетекшілер	Ақпан

Наурыз айы – «Қош келдің, Әз-Наурыз!»

- ❖ 1 наурыз – Алғыс айту күні
- ❖ 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі
- ❖ М.Әуезов – 125 жыл
- ❖ Наурыз – жыл басы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	"Жанұя және бала"	Профилактикалық іс-шара	МДТІЖО Тәлімгер Мектеп инспекторы Мектеп психологі Әлеуметтік педагог 1-11 сынып жетекшілер	27-30.03.23
		"Жолда жүру ережелері"	Түсіндірме сағаттары	МДТІЖО Тәлімгер Мектеп инспекторы	27-30.03.23
		«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ»	Дебат турнир	Ақиқат дебат клубы	Наурыз
		«Әлеуметтік желіні қолдана білу»	Ақпараттық лездеме	МДТІЖО Тәлімгер	Наурыз
2	Ұлттық тәрбие	“Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні“	Апталық	МДТІЖО Тәлімгер 1-11 Сынып жетекшілері	13-17.03.23
		«Қош келдің әз-Наурыз»	Наурыз тойы		
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	1-наурыз алғыс айту күні "Алғыс білдіру - ең асыл қасиет" «Мың Алғыс сізге...»	Апталық Флешмоб	1-11 Сынып жетекшілер Тәлімгер 1-4 сынып жетекшілері	27.2-3.03.23
4	Отбасылық Тәрбие	«Тәрбие – Отбасынан басталады»	Ата-аналар жиналысы	МДТІЖО Тәлімгер Мектеп инспекторы Мектеп психологі Әлеуметтік педагог 1-11 сынып жетекшілер	Наурыз
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Менің Қазақстаным»	Кітап оқу сайысы	Кітапханашы 6-8 сынып жетекшілер	Наурыз
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Мамандықтар әлемі»	ЭССЕ байқауы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі 9-11 сынып жетекшілер	13-17.03.23
7	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Мерекеңізбен аяулы Жандар» Халықаралық әйелдер мерекесі	Апталық	МДТІЖО/Тәлімгер 1-11 сынып жетекшілер	6-10.03.23
8	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»	Қазақтың ұлттық ойындары	Дене шынықтыру бірлестігі	Наурыз

Сәуір айы – «Өнері өлмес, үміт сөнбес»

- ❖ 12 сәуір – Дүниежүзілік авиация және ғарыш күні
- ❖ Роза Бағланова 100 жыл
- ❖ «Таза аула - сенбілік»
- ❖ 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап күні

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Өз құқығыңды білесің бе?» «Құқықбұзушылыққа жол жоқ!»	Лездемелік ақпараттық баяндама	МДТЖО Тәлімгер Мектеп инспекторы «Құқық» фракциясы «Ақиқат» дебат клуб	3.04.23
		«Қауіпсіз Интернет»	Апталық	Мектеп инспекторы МДТЖО 1-11 сынып жетекш/р	3-07.04.23
		«Ел болашағы-жастар»	Апталық	1-11 сынып жетекш/р	17-04.23
		12 сәуір Ғарышкерлер күні	Танымдық сағаттары	Тәлімгер 1-11 Сынып жетекшілері	Сәуір
2	Ұлттық тәрбие	“Халел Досмұқамедұлының 140 жыл толу” "Халел Досмұхамедов-ұлт мақтанышы",	Апталық	1-11 сыныптың Сынып жетекшілері	
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Жан жылуы»	Апталық	Мектеп психологі Әлеуметтік педагог 1-11 сынып жетекш/р	10-14.04.23
4	Отбасылық Тәрбие	«Менің - Жанұям»	ЭССЕ байқауы	Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі	Сәуір
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Кім білгір»	Интеллектуалдық сайыс	1-4 сынып жетекшілер	Сәуір
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Менің ауылым»	Сурет байқауы	Кітапханашылар 1-4 Сынып жетекшілер	Уақытында
		«Менің қоршаған ортам»	Сыныптық тазалық		
7	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Отаным менің – Қазақстан»	Апталық	1-11 Сынып жетекшілері	24-28.04.23
8	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	«Спорт денсаулық кепілі»	Спорттық сайыс	Дене шынықтыру бірлестігі	Сәуір

Мамыр айы – Ұлттық бірлік, бейбітшілік және тұрақтылық

- ❖ 1 мамыр – Бірлік күні
- ❖ 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
- ❖ 9 мамыр – Жеңіс күні
- ❖ Соңғы қоңырау салтанатты жиыны
- ❖ 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Абайлаңыз, балақай!» «Жол ережесін сақта!», «Жол ережесін білесің бе?»	Профилактикалық іс-шара апталығы	МДТІЖО Мектеп психологі Мектеп инспекторы 1- 4 сынып жетекшілер	Уақытында
		1-МАМЫР БІРЛІК КҮНІ!	Тәрбие сағаты	МДТІЖО Мектеп психологі Әлеуметтік педагог 1-11 сынып жетекшілер	Жоспарға сай
		«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн»	Акция	МДТІЖО Мектеп инспекторы Мектеп психологі Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мамыр
		«Ұлы Жеңіске мың тағзым»	Апталық	МДТІЖО Сынып жетекшілер	1-05.05.23
		«Табиғи және террористік актілер кезінде мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекеті»	азаматтық қорғаныс сынып сағаттары	МДТІЖО Мектеп инспекторы 1-11 сынып жетекш/р	Жоспарға сай
		«Отбасы – тәрбиенің басты ұясы»	Ата-аналар жиналысы	МДТІЖО Мектеп инспекторы 1-11 сынып жетекш/р	20.05.23
2	Ұлттық тәрбие	«Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі»	Қыздар жиналысы	Тәлімгер Қыздар ұйымы жетекшісі	
		“Халел Досмұқамедұлының 140 жыл толу”	Тәрбие сағаты	1-11 сынып жетек/р	
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Мен және менің мектебім»	Апталық	МДТІЖО Тәлімгер 1-11 Сынып жетекшілері	15-19.05.23

4	Отбасылық Тәрбие	«Тәрбиенің ең тамаша мектебі-Отбасы» "Отбасым-асыл қазынам"	Апталық	Мектеп инспекторы Мектеп психологі 1-11 Сынып жетекшілер Ата-аналар	22-26.05.23
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«XXI ғасыр көшбасшысы»	Интеллектуалды сайыс	Тәлімгер 9-11 сынып жетекшілер	Мамыр
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Табиғат және біз» "Жасыл мекен"	Апталық Тазалық челленджі	Кітапханашылар 1-11 Сынып жетекшілер	8-12.05.23
7	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Сыңғырла күміс қоңырау» (Қош бол мектебім)	Салтанатты жиын	МДТЖО Тәлімгер 1-11 Сынып жетекшілер	1.06.2023
8	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	"Жемқорлыққа жол жоқ!"	Футбол лигасы	Дене шынықтыру бірлестігі	5.05.23